ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1272059 сатып алу бойынша
Ашық тендер тәсілімен

Лот № (140 У, 4585665) Өрт/күзеттік хабарлағышты/өрт сөндіру/бейнебақылау жүйелерін және ұқаса жабдықтауды техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетулер

Тапсырыс беруші: "Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорны " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Ұйымдастырушы: "Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорны " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	140 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Өрт/күзеттік хабарлағышты/өрт сөндіру/бейнебақылау жүйелерін және ұқаса жабдықтауды техникалық қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетулер, Өрт/күзет белгі беру/өрт сөндіру жүйелеріне/бейне бақылау және ұқсас жабдықтарға техникалық қызмет көрсету бойынша қызметтер
Қосымша сипаттама	Қызылорда қаласындағы бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсету және оның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Қызылорда облысы, г. Кызылорда, головной офис
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	01.2027 бастап 12.2029 дейін (қоса алғанда)
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

ТЕХНИКАЛЫҚ ТАПСЫРМА

қызметтер көрсетуге

Қызылорда қаласында бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсету және оның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету

1. 1. Функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларына қойылатын талаптар:

1.1. Қызмет көрсету орны. Қызмет көрсетілетін орынның (ауданның) қысқаша сипаттамасы

1.1.1. Қызмет көрсету орны: (a) Заңды мекенжайы: Қазақстан, 120018, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Жаңадария коныс, ғимарат 101; (b) Өзара есеп айырысуға арналған ресми мекенжайы: Қазақстан, 120018, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Амангелді көшесі, 100

1.1.2. **Қызмет көрсету мерзімі:** 2027 ж. 01-айынан 2029 ж. 12-айын қоса алғанда.

1.1.3. Терминдер мен қысқартулар:

• инцидент — осы техникалық тапсырманың (техникалық ерекшеліктің), ҚНжЕ-нің, Қазақстан Республикасының техникалық стандарттарының, регламенттері мен нормаларының, сондай-ақ жабдық өндірушісінің техникалық талаптарын сақтамау және (немесе) жұмысқа қабілеттіліктің бұзылуы;

• жұмыс уақыты — Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс күндері Қызылорда қаласының уақыты бойынша сағат 09:00-ден 13:00-ге дейін және сағат 14:00-ден 18:00-ге дейінгі уақыт;

• Жүйе — осы техникалық тапсырмада көрсетілген бейнебақылау жүйесі;

• ҚНжЕ — құрылыс нормалары мен қағидалары.

1.2. Қызметтердің құрамы, сипаттамасы және талап етілетін техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

1.2.1. Қызмет көрсетудің мақсаты: техникалық қызмет көрсету, жөндеу және Тапсырыс берушінің өтінімдерін орындау арқылы бейнебақылау жүйесінің (Жүйенің) тәулік бойы үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету.

1.2.2. Жүйеде инциденттер болмаған жағдайда Қызметтер сәтті көрсетілді деп есептеледі. Бұл ретте Орындаушы көрсетілетін Қызметтердің сапасы осындай қызмет түрлері үшін халықаралық практикада қабылданған және Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын үздік сапа стандарттарына да сәйкес болуын қамтамасыз етеді.

1.2.3. Техникалық қызмет көрсетуге жататын Жүйенің құрамы осы техникалық тапсырманың 1.5.1-тармағындағы №1 тізбеде көрсетілген.

1.2.4. Техникалық қызмет көрсетуге кіретін Орындаушы әрекеттерінің тізбесі осы техникалық тапсырманың 1.5.2-тармағындағы №2 тізбеде көрсетілген.

1.2.5. Орындаушы Қызметтерді толық әрі сапалы көрсету үшін өз мамандарын құрал-саймандармен және материалдармен қамтамасыз етеді;

1.2.6. Орындаушы Қызметтерді сапалы әрі уақтылы көрсету үшін арнайы техниканың (меншігінде және (немесе) жалға алынған) болуын қамтамасыз етеді;

1.2.7. Орындаушы Жүйе құрамындағы жабдыққа қосалқы бөлшек ретінде пайдаланылатын резервтік жабдық болған жағдайда қызмет көрсетеді. Жүйе құрамындағы жабдық істен шыққан кезде Орындаушы осы резервтік жабдықты пайдалануды қамтамасыз етеді. Резервтік жабдықтың міндетті құрамына қойылатын талаптар осы техникалық тапсырманың 1.5.3-тармағындағы №3 тізбеде көрсетілген.

1.2.8. Орындаушы Қызметтерді көрсету кезінде өз күшімен және өз қаражаты есебінен мамандарын тұрумен, тамақтанумен, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлармен, Қызмет көрсету орнына дейін және кері тасымалдаумен, жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етеді.

1.2.9. Орындаушы мамандарды ұсынады және олардың Жүйе құрамындағы жабдықты және (немесе) бағдарламалық қамтылымды өндіруші көздеген немесе техникалық тұрғыдан мүмкін болған жағдайда Тапсырыс берушінің кез келген өтінімін орындауға мүмкіндік беретін тәжірибесі мен дағдылары бар екеніне кепілдік береді.

1.3. Уақыт параметрлері мен қызмет көрсету деңгейіне қойылатын талаптар (Service Level Agreement, SLA)

1.3.1. Тапсырыс берушінің өкілдері Орындаушыға электрондық пошта немесе телефон арқылы өтінім беруге құқылы.

1.3.2. Орындаушы Қызметтерді көрсету кезінде мынадай уақыт параметрлерін қамтамасыз етуге тиіс:

1.3.2.1. Тапсырыс беруші өкілдерінен инцидентті жою қажеттілігі туралы хабарлама алған сәттен бастап Орындаушы мамандары 4 (төрт) жұмыс сағаты ішінде Қызмет көрсету орнына келуге тиіс;

1.3.2.2. Орындаушы мамандары Қызмет көрсету орнына келген сәттен бастап 12 (он екі) жұмыс сағаты ішінде Жүйенің жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз етуге тиіс;

1.3.2.3. Орындаушы инцидентті жою жөніндегі өтінім бойынша жұмыстар орындалған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Тапсырыс берушіге орындалған әрекеттер туралы есеп ұсынады;

1.3.2.4. Орындаушы есепті кезең аяқталған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде өткен күнтізбелік кезеңде орындалған әрекеттер туралы есепті Тапсырыс берушіге ұсынады.

1.4. Құжаттамаға, сондай-ақ Қызметтерді көрсету нәтижелері бойынша есептерге қойылатын талаптар

1.4.1. Күнтізбелік кезең аяқталғаннан кейін Орындаушы Тапсырыс берушіге ККБ-ның ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі аға инспекторымен келісілген техникалық есеп ұсынады.

1.4.2. Тапсырыс беруші Орындаушыға немесе Орындаушы мамандарына құжаттар берген үшінші тұлғаларға Орындаушы ұсынған мәліметтер мен құжаттарды растау үшін жүгінуге құқылы.

1.5. Тізбелер

1.5.1. №1 тізбе — техникалық қызмет көрсетуге жататын Жүйе компоненттері

1.5.1.1. Белсенді және пассивті жабдық

- IP цифрлық және аналогтық бейнекамералар: Dahua, NGvision (Dahua-мен үйлесімді), EverFocus — 128 данаға дейін;
- Dahua IP-цифрлық бейнетіркегіштері мониторларымен — 3 данаға дейін;
- Операторлардың автоматтандырылған жұмыс орындарының мониторлары бар компьютерлері — 5 данаға дейін;
- Құрылымдалған кабельдік желі компоненттері: деректерді қабылдау-тарату кабельдері (FTP, SFTP, коаксиалды, талшықты-оптикалық), коммуникациялық шкафтардағы патч-панельдер, патч-кабельдер, оптикалық кросс-бокстар;
- Электрмен қоректендіру кабельдері;
- Бейнекамераларды, бейнетіркегіштерді, бейнебақылау серверлерін қоректендіруге арналған үздіксіз қуат көздері;
- Керек-жарақтар: қуат беру блоктары, қуат инжекторлары, медиаконвертерлер, SFP модульдері.
- Бейнекамералардың тіректері мен бағандары, бейнебақылаудың кабельдік кәріз құдықтары.

1.5.1.2. Бағдарламалық қамтылым

- Тиісті бейнекамералардан, серверлерден және бейнетіркегіштерден бейне кескіндерді көруге арналған бейнебақылау жабдықтарын өндірушілердің бағдарламалары;
- «Интеллект» интеграцияланған қауіпсіздік жүйесі.

1.5.2. №2 тізбе — Орындаушының әрекеттер тізбесі

1.5.2.1. Техникалық қызмет көрсету шеңберінде

- Жабдықты сыртқы және ішкі қарап-тексеру;

- Бекітпелердің сенімділігін тексеру және қамтамасыз ету;
- Жабдықтың сыртқы және ішкі бөліктерін шаңнан, кірден, ылғалдан және мұздан тазарту;
- Жабдық корпусының герметикалығын тексеру;
- Серверлер мен бейнетіркегіштерде бейне кескіндерді қабылдау және жабдықтың жұмысқа қабілеттілігін тексеру;
- Жұмысындағы қателердің және бұрынғы қателер туралы жазбалардың (лог-файлдардың) бар-жоғын тексеру;
- Электрмен қоректендіру параметрлерін өлшеу және тексеру (кернеу, ток күші, оқшаулау кедергісі, сигналдық және қорғаныш кабельдерінің жерге тұйықталуын өлшеу);
- Деректерді қабылдау-тарату кабельдерінің параметрлерін тексеру;
- Тапсырыс беруші ұсынған немесе авторлық және сабақтас құқықтарды бұзбай интернеттен өз бетінше жүктелген бағдарламалық және микробағдарламалық қамтылымның ресми жаңартуларын орнату;
- Ақаулардың себептерін және жабдықтың немесе бағдарламалық қамтылымның ақаулы компонентін анықтау;
- Істен шыққан немесе тозған жабдықты, жабдық бөлшектерін немесе кабельдерді ауыстыру;
- Бейнетіркегіштер мен серверлердегі бейнежазбалардың болуын, күн/уақыт пен уақыт белдеуінің дұрыстығын тексеру;
- Жабдық пен бағдарламалық қамтылымның жұмысын және жұмысқа қабілетсіздігін талдау;
- Өнімділік пен жүктемені оңтайландыру;
- Жабдық пен бағдарламалық қамтылымды жаңғырту, оңтайландыру және кеңейту жөнінде Тапсырыс берушіге ұсынымдар беру;
- Серверлердің, бағдарламалық қамтылымның және бейнетіркегіштердің баптауларының резервтік көшірмелерін файл түрінде жасау;
- Операциялық жүйесі бар сервер дискісінің бейнесін және осы бейнеден қалпына келтіру жөніндегі қадамдық нұсқаулықты жасау;
- Жүйенің құрылымдық схемаларын Microsoft Visio форматында ұсыну;
- Серверлердің, бейнетіркегіштердің және бағдарламалық қамтылымның баптауларының резервтік көшірмелерін файл түрінде жасау.
- Кабельдік кәріз құдықтарына, бейнебақылау тіректері мен бағандарына қызмет көрсету (шаңнан, кірден, ылғалдан, мұздан тазарту, бояу);
- Қолданыстағы бейнекамераларда кіріктірілген немесе қолдау көрсетілетін бейнеаналитика және кескінді интеллектуалды талдау (AI) функцияларының бар-жоғын бастапқы тексеру және түгендеу, сондай-ақ оларды орталықтандырылған бейнеаналитика және мониторинг жүйесіне қосудың техникалық мүмкіндігін анықтау.
- Қолданыстағы бейнекамераларды бастапқы тексеруден кейін Орындаушы қолда бар бейнеаналитика және AI модульдерімен техникалық тұрғыдан үйлесімді барлық қолданыстағы бейнекамераларды жабдықтың, бағдарламалық қамтылымның және қолда бар лицензиялардың техникалық мүмкіндіктері шегінде қосуға, баптауға және тестілеуге міндетті.
- Қолдау көрсетілетін бейнеаналитика модульдерін баптау және олардың жұмысын қамтамасыз ету, оның ішінде тиісті техникалық мүмкіндік болған жағдайда: тұтануды/өртті, түтінденуді, қалдырылған немесе иесіз заттарды, периметрдің

бұзылуын/кесіп өтуін, тыйым салынған аймаққа кіруді, белгіленген аймақта объектінің пайда болуын және басқа да қолжетімді аналитикалық оқиғаларды анықтау.

• Бапталған әрбір бейнеаналитика модулі бойынша Орындаушы оқиғаның қалыптасуын және Тапсырыс берушінің жауапты қызметкерлеріне автоматты хабарлама жіберілуін қамтамасыз етуге міндетті. Хабарламада кемінде камераның немесе объектінің атауы/нөмірі, оқиға түрі, оқиғаның күні мен уақыты және техникалық мүмкіндік болған жағдайда оқиғаны жедел сәйкестендіруге мүмкіндік беретін сілтеме, сурет немесе өзге материал болуы тиіс.

• Хабарлау арналары Тапсырыс берушімен келісу бойынша бапталуы тиіс және электрондық поштаны және/немесе қолданылатын бейнеаналитика жүйесі мен бағдарламалық қамтылым қолдайтын өзге де техникалық қолжетімді хабарлау арналарын қамтуы мүмкін.

• Орындаушы Шарттың қолданылу кезеңінде Тапсырыс беруші сатып алатын барлық жаңа бейнекамераларды техникалық үйлесімділік болған жағдайда қолжетімді бейнеаналитика және жасанды интеллект (AI) модульдерімен орнатуды, қосуды, баптауды және интеграциялауды қамтамасыз етуге міндетті. Бейнеаналитика мен AI қолдайтын барлық жаңадан қосылатын бейнекамералар үшін Орындаушы тиісті аналитикалық модульдерді баптауға, іске қосылу аймақтары мен шарттарын айқындауға, оқиғаларды тестілеуге және дабыл оқиғаларының келісілген хабарлау арналарына берілуін қамтамасыз етуге міндетті.

• Қолданыстағы және жаңа бейнекамераларды қосу және баптау нәтижелері бойынша Орындаушы Тапсырыс берушіге қосылған бейнеаналитика модульдері, анықтау аймақтарының баптаулары, тестілеу нәтижелері және хабарлау жүйесінің жұмысқа қабілеттілігі туралы мәліметтер ұсынуға міндетті. Бейнеаналитика құрамындағы өзгерістер мен толықтырулар кейінгі апталық есептерде көрсетілуі тиіс.

• Апталық тексеру нәтижелері бойынша Орындаушы бейнеаналитика мен AI қосымша функцияларын іске қосу, анықталған проблемаларды жою және Жүйені пайдалану тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар беруге міндетті.

• Тапсырыс берушіге апталық есеп ұсына отырып, барлық бейнекамералар мен Жүйе компоненттеріне апта сайын техникалық бақылау жүргізу. Есепте барлық бейнекамералардың тізбесі, олардың ағымдағы жай-күйі, бейнеағын мен жазбаның болуы, анықталған ақаулар және қабылданған шаралар көрсетілуі тиіс.

• Апталық техникалық бақылау шеңберінде Орындаушы әрбір бейнекамера бойынша бейнеархивтің бар-жоғын, қолжетімділігін және нақты сақтау тереңдігін тексеруге міндетті. Пайдаланылатын бейнетіркегіштердің техникалық мүмкіндігі және сақтау жүйесінің қолда бар ресурстары жеткілікті болған жағдайда Орындаушы бейнеархивтің кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Көрсетілген сақтау мерзімін қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда Орындаушы апталық есепте бейнеархивтің нақты сақтау тереңдігін, сақтау мерзімінің шектелу себептерін және оларды жою жөніндегі ұсынымдарды көрсетуге міндетті.

• Апталық есепке Орындаушы Жүйенің нақты жай-күйін растайтын бейнекамераларды, бейнетіркегіштерді, серверлер мен бағдарламалық қамтылымды тексеру нәтижелерінің скриншоттарын қоса беруге міндетті. Скриншоттар тексерілетін объектіні, камераның нөмірін/атауын, тексеру күні мен уақытын сәйкестендіруге, ал бар болған жағдайда бейнеағынның, жазбаның, қателер мен оқиғалардың жай-күйін көрсетуге мүмкіндік беруі тиіс. Бейнеархивтің бар-жоғын және сақтау тереңдігін тексеру нәтижелері де бейнетіркегіштер мен Жүйенің бағдарламалық қамтылымы интерфейстерінен алынған тиісті скриншоттармен немесе өзге деректермен расталуы тиіс.

1.5.2.2. Тапсырыс берушінің өтінімдері шеңберінде

• Жабдықты, кабель желілерін, жалғағыш элементтер мен ілеспе компоненттерді бөлшектеу, монтаждау, орнын ауыстыру және қайта орнату, оның ішінде оларды қосу және жүйенің жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі қажетті жұмыстарды орындау.

• Жабдықты, бағдарламалық қамтылымды және жүйенің жекелеген компоненттерін қосу, ажырату, баптау және қайта баптау, сондай-ақ олардың өзара үйлесімді әрі дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

• Жабдық пен бағдарламалық қамтылымның жұмысқа қабілеттілігін, Тапсырыс берушінің функционалдық міндеттерін орындауын және қауіпсіздік талаптарын сақтауын қамтамасыз ету үшін баптау жұмыстарын орындау, оның ішінде анықтау аймақтарын, бейнекамералардың сезімталдығын, күзетілетін аймақтардың ауданы мен шекараларын, анықтау қашықтығын баптау, сондай-ақ бейнебақылаудың көрінбейтін және өлі аймақтарын анықтау және жою.

• Тапсырыс беруші ұсынған лицензиялық және еркін таратылатын бағдарламалық қамтылымды берілген құқықтар мен техникалық мүмкіндіктер шегінде орнату, баптау, жаңарту, қайта орнату, жою және қалпына келтіру.

• Шарттың қолданылу кезеңінде Тапсырыс беруші сатып алатын немесе ұсынатын жаңа бейнекамераларды, серверлерді, желілік жабдықты, деректерді сақтау құрылғыларын және өзге компоненттерді Тапсырыс берушінің қолданыстағы инфрақұрылымына қосу, баптау және интеграциялау.

• Жабдық пен бағдарламалық қамтылымның техникалық үйлесімділігі болған жағдайда тиісті функцияларды баптауды және тексеруді қоса алғанда, жаңа және қолданыстағы бейнекамералардың қолжетімді бейнеаналитика және жасанды интеллект (AI) модульдерімен интеграциялануын қамтамасыз ету.

• Үшінші тарап өндірушілерінің бейнекамераларын Тапсырыс берушінің қолданыстағы бейнебақылау жүйесіне қосу және интеграциялау, оның ішінде деректер алмасу хаттамаларын, қосылу параметрлерін, үйлесімділікті баптау, сондай-ақ қажет болғанда және техникалық мүмкіндік болған жағдайда драйверлер мен бағдарламалық интерфейстерді әзірлеу немесе бейімдеу.

• Тапсырыс берушіде бар бөгде жүйелерді, оның ішінде қол жеткізуді бақылау және басқару жүйелерін (СКУД), күзет және өрт дабылы жүйелерін және өзге қауіпсіздік жүйелерін Тапсырыс берушінің қолданыстағы инфрақұрылымына қосу және интеграциялау, соның ішінде деректер алмасуды, оқиғалардың өзара әрекеттесуін және жүйелердің бірлесіп жұмыс істеуін баптау.

• Бейнебақылау жүйесін қайта конфигурациялау, жаңғырту, кеңейту және оңтайландыру жұмыстарын орындау, оның ішінде жабдық параметрлерін, желілік қосылымдарды, бағдарламалық баптауларды, компоненттердің өзара әрекеттесу құрылымын және жүйе конфигурациясын өзгерту.

• Жабдықтың, бағдарламалық қамтылымның, кабель желілерінің және интеграциялық байланыстардың ақауларын диагностикалау, анықтау және жою, сондай-ақ істен шығулардан, конфигурация қателерінен және оның компоненттерінің өзара әрекеттесуінің бұзылуынан кейін жүйенің жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру.

• Техникалық консультациялар алу, ақауларды жою, инциденттерді шешу, үйлесімділікті қамтамасыз ету және Тапсырыс берушінің сұрауларын орындау үшін жабдық пен бағдарламалық қамтылымның ресми өндірушілерімен, жеткізушілерімен және дистрибьюторларымен өзара іс-қимыл жасау.

• Жабдық корпустарының механикалық зақымдануларын жою, олардың тұтастығы мен жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру жұмыстарын орындау. Ұқсас қосалқы бөлшектер немесе бөлшектер болмаған жағдайда Орындаушы қалпына келтірудің техникалық негізделген тәсілін ұсынуға немесе зақымды жоюдың балама нұсқасын Тапсырыс берушімен келісуге міндетті.

• Жұмыстар орындалғаннан кейін жабдық пен бағдарламалық қамтылымның жұмысқа қабілеттілігін тексеру, қажетті сынақтар жүргізу, қосылудың, деректер берудің, бейненің көрсетілуінің, бейнеаналитика мен AI жұмысының, сондай-ақ интеграцияланған жүйелердің өзара әрекеттесуінің дұрыстығын тексеру.

• Әрбір орындалған өтінім бойынша Тапсырыс берушіге орындалған жұмыстар, анықталған ақаулар, қабылданған техникалық шешімдер және жұмысқа қабілеттілікті тексеру нәтижелері туралы ақпарат ұсыну.

1.5.3. №3 тізбе — резервтік жабдық құрамы

Осы №3 тізбеде көрсетілген резервтік жабдық саны бейнебақылау жүйесіне бір жыл қызмет көрсету қажеттілігі есебінен көзделген.

Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде Орындаушы осы Тізбеде көзделген көлемде резервтік жабдықтың болуын қамтамасыз етуге міндетті. Резервтік қордағы кез келген жабдық пайдаланылған, орнатылған немесе ауыстырылған жағдайда Орындаушы №3 тізбеде көрсетілген бастапқы санға дейінгі қорды Тапсырыс беруші тарапынан қосымша ақы төлеусіз, өз қаражаты есебінен толықтыруға міндетті.

Резервтік қорды толықтыру шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде, оның ішінде қызмет көрсетудің келесі жылына ауысқан кезде де жүзеге асырылады. Пайдаланылмаған жабдық қызмет көрсетудің келесі жылына ауыстырылады, бұл ретте оның саны толықтырудың қажетті көлемін айқындау кезінде ескеріледі.

• DAHUA DH-IPC-HFW5431EP-ZE цифрлық бейнекамерасы немесе ажыратымдылығы, оптикалық сипаттамалары, бұрылуы, деректерді беру ағындары, жады, зумы, температуралық жағдайлары, корпус қабығының IP қорғау дәрежесі, электрмен қоректендіруі бойынша ұқсас техникалық сипаттамалары бар басқа бейнекамера — 1 дана;

• DAHUA DH-IPC-HDBW1431EP-0280B цифрлық бейнекамерасы немесе ажыратымдылығы, оптикалық сипаттамалары, бұрылуы, деректерді беру ағындары, жады, зумы, температуралық жағдайлары, корпус қабығының IP қорғау дәрежесі, электрмен қоректендіруі бойынша ұқсас техникалық сипаттамалары бар басқа бейнекамера — 1 дана;

• Dahua бейнекамераларымен үйлесімді, 16 немесе одан көп арналы IP желілік бейнетіркегіш — 1 дана;

• «Surveillance» (бейнебақылау) типті немесе «NAS» (желілік сақтау қоймасы) типті, кэш көлемі кемінде 64 Мбайт болатын 4 Тбайт SATA III қатқыл дискі — 2 дана;

• Сыртта пайдалануға арналған, полиэтилен қабықшасы бар, тұтас, жалғанбаған FTP кабелі — 305 метр немесе одан көп.

• Бейнекамераларға арналған, электр қуаты мен деректерді бір Ethernet кабелі арқылы беруді қамтамасыз ететін, пайдаланылатын бейнекамералармен PoE стандарты, шығыс қуаты және қоректендіру кернеуі бойынша үйлесімді PoE қуат адаптері — 5 дана.

Қызметтерді көрсетуге тартылған Орындаушы мамандары тендерлік өтінім құрамында мәлімделген талаптарға сәйкес келуге тиіс;

1.5.4 1.5.4. Орындаушы мамандары өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мынадай талаптарға сәйкес болған жағдайда Қызметтерді көрсетуге жіберіледі:

• Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімін тексеру нәтижелері бойынша жауапты тұлғалардың куәліктері, хаттамалары және сертификаттары. Еңбек кодексінің 182-бабы 2-тармағына сәйкес жұмыс беруші өз қаражаты есебінен қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқама беруді, білімін тексеруді жүргізуге, сондай-ақ өндірістік процесті және жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі құжаттармен қамтамасыз етуге міндетті. (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №1019 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылғы 30 желтоқсанда №12665 болып тіркелген. «Қызметкерлерді, басшыларды және еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан, нұсқама беруден және білімін тексеруден өткізу қағидалары мен мерзімдерін бекіту туралы»).проводить обучение, инструктирование, проверку знаний

• Орындаушы қызметкерлерінің өрт-техникалық минимум бағдарламасы бойынша оқудан өткенін растайтын құжаттарды, өрт қауіпсіздігі саласындағы білімін тексеру туралы куәліктердің көшірмелері мен хаттаманы ұсыну. Бұл талап «Азаматтық қорғау туралы» Заңның 16-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес: «Ұйымдар өртке қарсы насихат жүргізуге, сондай-ақ өз қызметкерлерін өрт қауіпсіздігі шараларына оқытуға міндетті». («Ұйым қызметкерлері мен халықты өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту қағидалары және өрт қауіпсіздігі шараларына оқыту жөніндегі оқу бағдарламаларының мазмұнына қойылатын талаптар», ҚР ТЖМ-нің 2014 жылғы 9 маусымдағы №276 бұйрығы, 26-тармақ — жарылыс-өрт қаупі бар өндірістерге байланысты ұйымдардың басшыларын, мамандары мен қызметкерлерін өрт-техникалық минимумға жылына бір рет оқыту).

3. Техникалық стандарттар

№ р/с	ҚР тіркелген	Белгіленуі	Құжат нөмірі	Санаты	Атауы	Қолдану саласы	Әзірлеуші	Беттер	МКС	Мәртебесі	Бұйрық	Енгізу күні бастап	К б
1	Иә	СТ РК EN 50173-1-2017	391930	Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты	Информационные технологии Общие кабельные системы Часть 1 Общие требования		Нет ()	294	Программное обеспечение	Действует		01.01.2019	

4. Сатып алынатын ТЖҚ жеке әлеуетті жеткізушіге немесе өндірушіге тиістілігін анықтайтын сипаттамалар бар

тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді қосымша жинақтау, қосымша жарақтандыру, біріздендіру немесе қолда бар тауарлармен, жұмыстармен және көрсетілетін қызметтермен үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ одан әрі техникалық сүйемелдеу, сервистік қызмет көрсету және жөндеу, оның ішінде негізгі (орнатылған) жабдықты жоспарлы жөндеу (қажет болған кезде) үшін сатып алу

Қол қойған ЗУРБАЕВ ЕРЖАН ДОСБОЛОВИЧ
Қол қойылған күні 17.11.2026

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1272059
способом Открытый тендер

Лот № (140 У, 4585665) Услуги по техническому обслуживанию пожарной/охранной сигнализации/систем тушения /видеонаблюдения и аналогичного оборудования

Заказчик: Товарищество с ограниченной ответственностью "Совместное предприятие "Казгермунай"

Организатор: Товарищество с ограниченной ответственностью "Совместное предприятие "Казгермунай"

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	**Значение**
Номер строки	140 У
Наименование и краткая характеристика	Услуги по техническому обслуживанию пожарной/охранной сигнализации/систем тушения /видеонаблюдения и аналогичного оборудования, Услуги по техническому обслуживанию пожарной /охранной сигнализации/систем тушения/видеонаблюдения и аналогичного оборудования
Наименование категории ОКТРУ	Услуги по техническому обслуживанию пожарной/охранной сигнализации/систем тушения /видеонаблюдения и аналогичного оборудования
Дополнительная характеристика	Техническое обслуживание и обеспечение бесперебойной работы системы видеонаблюдения в г. Кызылорда
Количество	1.000
Единица измерения	-
Место поставки	КАЗАХСТАН, Кызылординская область, г. Кызылорда, головной офис
Условия поставки	-
Срок поставки	с 01.2027 по 12.2029 (включительно)
Условия оплаты	Предоплата - 0%, Промежуточный платеж - 100%, Окончательный платеж - 0%

2. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики

ТЕХНИЧЕСКОЕ ЗАДАНИЕ

на оказание услуг

Техническое обслуживание и обеспечение бесперебойной работы системы видеонаблюдения в г.Кызылорда

1. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики:

1.1. Место оказания услуг. Краткое описание и характеристика места (района) оказания услуг

1.1.1. Место оказания услуг: (a) Юридический адрес: Казахстан, 120018, Кызылординская область, город Кызылорда, поселок Тасбогет, улица Амангельды 100.; (b)Официальный адрес для взаиморасчетов: Казахстан, 120018, Кызылординская область, город Кызылорда, поселок Тасбогет, урочище Жанадария, здание 101.

1.1.2. **Срок оказания услуг:** с 01.2027 по 12.2029 года включительно.

1.1.3. Определения и сокращения:

• инцидент — нарушение работоспособности и (или) не соблюдение технического требования настоящего технического задания (технической спецификации), СНиП, технических стандартов, регламентов и норм Республики Казахстан, а также производителя оборудования;

• рабочее время — время с 09:00 по 13:00 часов и с 14:00 часов по 18:00 часов по времени города Кызылорды в рабочие дни согласно законодательству Республики Казахстан;

• Система — система видеонаблюдения, указанная в настоящем техническом задании;

• СНиП — строительные нормы и правила.

1.2. Состав, описание и требуемые технические, качественные и эксплуатационные характеристики Услуг

1.2.1. Цель оказания Услуг: обеспечить бесперебойную круглосуточную работу системы видеонаблюдения (Системы) путем выполнения технического обслуживания, ремонта и выполнения заявок Заказчика.

1.2.2. Услуги считаются успешно выполненными, если в Системы отсутствуют инциденты. При этом Исполнитель обеспечивает соответствие оказываемых Услуг также лучшим стандартам качества, принятым в международной практике для такого вида услуг и действующим на территории Республики Казахстан.

1.2.3. Состав Системы, подлежащей техническому обслуживанию, указан в Перечне №1 в пункте 1.5.1 настоящего технического задания.

1.2.4. Перечень действий Исполнителя, входящих в техническое обслуживание, указан в Перечне №2 в пункте 1.5.2 настоящего технического задания.

1.2.5. Исполнитель обеспечивает своих специалистов инструментами и материалами для полного и качественного оказания Услуг;

1.2.6. Исполнитель оказывает услуги при наличии (собственной и (или) на правах аренды) спецтехники для качественного и своевременного оказания Услуг;

1.2.7. Исполнитель оказывает услуги при наличии резервного оборудования в качестве запасных частей для оборудования из состава Системы. Исполнитель обеспечивает использование данного резервного оборудования в случае выхода из строя оборудования из состава Системы. Требования к обязательному составу резервного оборудования указаны в Перечне №3 пункта 1.5.3 настоящего технического задания.

1.2.8. Исполнитель своими силами и за свой счет обеспечивает своих специалистов при оказании Услуг: проживанием, питанием, социально-бытовыми условиями, транспортировкой до места оказания Услуг и обратно, средствами индивидуальной защиты.

1.2.9. Исполнитель предоставляет специалистов и гарантирует, что специалисты обладают опытом и навыками, которые позволяют выполнить любую заявку Заказчика, если техническая возможность выполнения возможна либо предусмотрена производителем оборудования и (или) программного обеспечения из состава Системы.

1.3. Требования к параметрам времени и уровню сервиса (Service Level Agreement, SLA)

1.3.1. Представители Заказчика имеют право подать заявку Исполнителю по: электронной почте, телефону.

1.3.2. Исполнитель должен обеспечить следующие параметры времени при оказании Услуг:

1.3.2.1. Специалисты Исполнителя должны прибыть на место оказания Услуг в течение 4 (четырех) часов рабочего времени с момента получения сообщения от представителей Заказчика о необходимости устранить инцидент;

1.3.2.2. Специалисты Исполнителя должны обеспечить работоспособность Системы в течение 12 (двенадцати) часов Рабочего времени с момента прибытия на место оказания Услуг;

1.3.2.3. Исполнитель предоставляет Заказчику отчет о выполненных действиях в течении 5 (пяти) календарных дней со дня выполнения действий по заявке на устранение инцидента;

1.3.2.4. Исполнитель предоставляет Заказчику отчет о выполненных действиях за прошедший календарный период в течение 5 (пяти) календарных дней со дня окончания отчетного периода.

1.4. Требования к документации, а также к отчетам по результатам оказания Услуг

1.4.1. После окончания календарного периода, Исполнитель предоставляет Заказчику технический отчет, согласованный со старшим инспектором по ИБ СКБ.

1.4.2. Заказчик имеет право обратиться к третьим лицам, выдавшим документы на Исполнителя или на специалистов Исполнителя, для подтверждения сведений и документов, предоставленных Исполнителем.

1.5. Перечни

1.5.1. Перечень №1 — компоненты Системы, подлежащие обслуживанию

1.5.1.1. Оборудование активное и пассивное

- Видеокамеры IP цифровые и аналоговые: Dahua, NGvision (совместимые с Dahua), EverFocus — до 128 штук;
- Видеорегистраторы IP-цифровые Dahua с мониторами — до 3 штук;
- Компьютеры автоматизированного рабочего места операторов с мониторами — до 5 штук;
- Компоненты структурированной кабельной сети: кабели приема-передачи данных (FTP, SFTP, коаксиальные, волоконно-оптические), патч-панели в коммуникационных шкафах, патч-кабели в коммуникационных шкафах, кросс-боксы оптические;
- Кабели электропитания;
- Источники бесперебойного питания для питания видеокамер, видеорегистраторов, серверов видеонаблюдения;
- Аксессуары: блоки питания, инжекторы питания, медиаконверторы, SFP модули.
- Опоры и столбы видеокамер, колодцы кабельной канализации видеонаблюдения.

1.5.1.2. Программное обеспечение

- Программы производителей оборудования видео-наблюдения для просмотра видео-изображений с соответствующих видеокамер, серверов и видеорегистраторов;

- Интегрированная система безопасности «Интеллект».

1.5.2. Перечень №2 — перечень действий Исполнителя

1.5.2.1. В рамках обслуживания

- Внешний и внутренний осмотр оборудования;

- Проверка и обеспечение надежности крепления;

- Внешняя и внутренняя оборудования очистка от пыли, грязи, влаги, льда;

- Проверка герметичности корпуса оборудования;

- Проверка работоспособности и приема видеоизображения в серверах, видеорегистраторах;

- Проверка на наличие ошибок в работе и записей о прошлых ошибках (лог-файлы);

- Измерение и проверка параметров электропитания (напряжение, сила тока, сопротивление изоляции, измерение заземления сигнального и защитного кабелей);

- Проверка параметров кабелей приема-передачи данных;

- Установка официальных обновлений программного и микропрограммного обеспечения, предоставляемого Заказчиком или самостоятельно скачиваемых из интернета без нарушения авторских и смежных прав;

- Определение причин неисправностей, определение неисправного компонента оборудования или программного обеспечения;

- Замена вышедших из строя, изношенных оборудования, частей оборудования или кабелей;

- Проверка видеозаписей на видеорегистраторах и серверах на соответствие наличия записей, на соответствие даты-времени и временной зоны;

- Анализ работы, неработоспособности оборудования и программного обеспечения;

- Оптимизация производительности и нагрузки;

- Выдача рекомендаций Заказчику для модернизации, оптимизации, расширения оборудования и программного обеспечения;

- Создание резервных копий настроек серверов, программного обеспечения и видеорегистраторов в виде файлов;

- Создание образов диска сервера, содержащего операционную систему и пошаговой инструкции по восстановлению из образа;

- Предоставление структурных схем Системы в формате Microsoft Visio;

- Создание резервных копий настроек серверов, видеорегистраторов и программного обеспечения в виде файлов.

• Обслуживание колодцев кабельной канализации, опор и столбов видеонаблюдения (очистка от пыли, грязи, влаги, льда, покраска;).

• Проведение первичной проверки и инвентаризации действующих видеокамер на предмет наличия встроенных или поддерживаемых функций видеоаналитики и интеллектуального анализа изображения (AI), а также определения технической возможности их подключения к централизованной системе видеоаналитики и мониторинга.

• После проведения первичной проверки действующих видеокамер Исполнитель обязан выполнить подключение, настройку и тестирование всех действующих видеокамер, технически совместимых с имеющимися модулями видеоаналитики и AI, в пределах технических возможностей оборудования, программного обеспечения и имеющихся лицензий.

• Настроить и обеспечить работу поддерживаемых модулей видеоаналитики, в том числе, при наличии соответствующей технической возможности: обнаружение возгорания/пожара, задымления, оставленных или бесхозных предметов, нарушения/пересечения периметра, входа в запрещенную зону, появления объекта в заданной зоне и иных доступных аналитических событий.

• Для каждого настроенного модуля видеоаналитики Исполнитель обязан обеспечить формирование события и автоматическое оповещение ответственных сотрудников Заказчика. Оповещение должно содержать как минимум наименование/номер камеры или объекта, тип события, дату и время события и, при технической возможности, ссылку, снимок или иной материал, позволяющий оперативно идентифицировать событие.

• Каналы оповещения должны быть настроены по согласованию с Заказчиком и могут включать электронную почту и /или иные технически доступные каналы оповещения, поддерживаемые применяемой системой видеоаналитики и программным обеспечением.

• Исполнитель обязан обеспечивать установку, подключение, настройку и интеграцию всех новых видеокамер, приобретаемых Заказчиком в период действия Договора, с доступными модулями видеоаналитики и искусственного интеллекта (AI) при наличии технической совместимости. Для всех вновь подключаемых видеокамер, поддерживающих видеоаналитику и AI, Исполнитель обязан выполнить настройку соответствующих аналитических модулей, определить зоны и условия срабатывания, провести тестирование событий и обеспечить передачу тревожных событий на согласованные каналы оповещения.

• По результатам подключения и настройки действующих и новых видеокамер Исполнитель обязан предоставлять Заказчику сведения о подключенных модулях видеоаналитики, настройках зон обнаружения, результатах тестирования и работоспособности оповещения. Изменения и дополнения к составу видеоаналитики должны отражаться в последующих еженедельных отчетах.

• По результатам еженедельной проверки Исполнитель обязан предоставлять рекомендации по включению дополнительных функций видеоаналитики и AI, устранению выявленных проблем и повышению эффективности использования Системы.

• Еженедельное проведение технического контроля всех видеокамер и компонентов Системы с предоставлением Заказчику еженедельного отчета. Отчет должен содержать перечень всех видеокамер с указанием их текущего состояния, наличия видеопотока и записи, выявленных неисправностей и принятых мер.

• В рамках еженедельного технического контроля Исполнитель обязан проверять наличие, доступность и фактическую глубину хранения видеоархива по каждой видеокамере. При наличии технической возможности используемых видеорегистраторов и достаточности имеющихся ресурсов системы хранения Исполнитель обязан обеспечивать наличие видеоархива не менее 30 (тридцати) календарных дней. В случае невозможности обеспечения указанного срока хранения Исполнитель обязан указать в еженедельном отчете фактическую глубину видеоархива, выявленные причины ограничения срока хранения и рекомендации по их устранению.

• К еженедельному отчету Исполнитель обязан прилагать скриншоты по результатам проверки видеокамер, видеорегистраторов, серверов и программного обеспечения, подтверждающие фактическое состояние Системы. Скриншоты должны позволять идентифицировать проверяемый объект, номер/наименование камеры, дату и время проверки, а при наличии — отображать состояние видеопотока, записи, ошибок и событий. Результаты проверки наличия

и глубины хранения видеоархива также должны подтверждаться соответствующими скриншотами или иными данными из интерфейсов видеорегистраторов и программного обеспечения Системы.

1.5.2.2. В рамках заявок Заказчика

- Демонтаж, монтаж, перенос и повторная установка оборудования, кабельных линий, соединительных элементов и сопутствующих компонентов, включая выполнение необходимых работ по их подключению и восстановлению работоспособности системы.

- Подключение, отключение, настройка и перенастройка оборудования, программного обеспечения и отдельных компонентов системы, а также обеспечение их совместной и корректной работы.

- Выполнение работ по настройке оборудования и программного обеспечения для обеспечения их работоспособности, выполнения функциональных задач Заказчика и соблюдения требований безопасности, включая настройку зон обнаружения, чувствительности видеокамер, площади и границ охраняемых зон, дальности обнаружения, а также выявление и устранение слепых и мёртвых зон видеонаблюдения.

- Установка, настройка, обновление, переустановка, удаление и восстановление предоставляемого Заказчиком лицензионного и свободно распространяемого программного обеспечения в пределах предоставленных прав и технических возможностей.

- Подключение, настройка и интеграция новых видеокамер, серверов, сетевого оборудования, устройств хранения данных и иных компонентов, приобретаемых или предоставляемых Заказчиком в период действия Договора, в существующую инфраструктуру Заказчика.

- Обеспечение интеграции новых и существующих видеокамер с доступными модулями видеоаналитики и искусственного интеллекта (AI), включая настройку и проверку соответствующих функций при наличии технической совместимости оборудования и программного обеспечения.

- Подключение и интеграция видеокамер сторонних производителей в существующую систему видеонаблюдения Заказчика, включая настройку протоколов обмена данными, параметров подключения, совместимости и, при необходимости и наличии технической возможности, разработку или адаптацию драйверов и программных интерфейсов.

- Подключение и интеграция сторонних систем, имеющихся у Заказчика, включая системы контроля и управления доступом (СКУД), охранно-пожарную сигнализацию и иные системы безопасности, с существующей инфраструктурой Заказчика, в том числе настройка обмена данными, взаимодействия событий и совместной работы систем.

- Выполнение реконфигурации, модернизации, расширения и оптимизации системы видеонаблюдения, включая изменение параметров оборудования, сетевых подключений, программных настроек, структуры взаимодействия компонентов и конфигурации системы.

- Диагностика, выявление и устранение неисправностей оборудования, программного обеспечения, кабельных линий и интеграционных связей, а также восстановление работоспособности системы после сбоев, ошибок конфигурации и нарушений взаимодействия её компонентов.

- Взаимодействие с официальными производителями, поставщиками и дистрибьюторами оборудования и программного обеспечения для получения технических консультаций, устранения неисправностей, решения инцидентов, обеспечения совместимости и реализации запросов Заказчика.

- Выполнение работ по устранению механических повреждений корпусов оборудования, восстановлению их целостности и работоспособности. При отсутствии аналогичных запасных частей или деталей Исполнитель обязан предложить технически обоснованный способ восстановления либо согласовать с Заказчиком альтернативный вариант устранения повреждения.

• Проверка работоспособности оборудования и программного обеспечения после выполнения работ, проведение необходимых испытаний, проверка корректности подключения, передачи данных, отображения видео, функционирования видеоаналитики и AI, а также взаимодействия интегрированных систем.

• Предоставление Заказчику информации о выполненных работах, выявленных неисправностях, принятых технических решениях и результатах проверки работоспособности по каждой выполненной заявке.

1.5.3. Перечень №3 —состав резервного оборудования

Количество резервного оборудования, указанное в настоящем Перечне № 3, предусмотрено из расчёта потребности на один год обслуживания системы видеонаблюдения.

В течение всего срока действия договора Исполнитель обязан обеспечивать наличие резервного оборудования в объёме, предусмотренном настоящим Перечнем. В случае использования, установки или замены любого оборудования из резервного запаса Исполнитель обязан пополнить запас до первоначального количества, указанного в Перечне № 3, за счёт собственных средств, без дополнительной оплаты со стороны Заказчика.

Пополнение резервного запаса осуществляется в течение всего срока действия договора, в том числе при переходе к очередному году обслуживания. Неиспользованное оборудование переносится на следующий год обслуживания, при этом его количество учитывается при определении необходимого объёма пополнения.

• Видеокамера цифровая DAHUA DH-IPC-HFW5431EP-ZE или другая видеокамера с аналогичными техническими характеристиками по разрешающей способности, оптическим характеристикам, повороту, потокам передачи данных, памяти, зуму, температурным условиям, IP-степени защиты оболочки корпуса, электропитанию — 1 штука;

• Видеокамера цифровая DAHUA DH-IPC-HDBW1431EP-0280B или другая видеокамера с аналогичными техническими характеристиками по разрешающей способности, оптическим характеристикам, повороту, потокам передачи данных, памяти, зуму, температурным условиям, IP-степени защиты оболочки корпуса, электропитанию — 1 штука;

• Видеорегистратор IP сетевой 16-ти или более канальный, совместимый с видеокамерами Dahua — 1 штука;

• Жесткий диск 4 Тбайт SATA III типа «Surveillance» (видеонаблюдения) или с типом «NAS» (сетевое хранилище) с кэшем не менее 64 Мбайт — 2 штуки;

• Кабель FTP для внешнего использования с полиэтиленовой оболочкой, цельный, не соединенный — 305 метров или более.

• PoE-адаптер питания для видеокамер, обеспечивающий передачу электропитания и данных по одному Ethernet-кабелю, совместимый с используемыми видеокамерами по стандарту PoE, выходной мощности и напряжению питания – 5 штук.

Специалисты Исполнителя, привлеченные для оказания услуг, должны соответствовать требованиям, заявленным в составе тендерной заявки;

1.5.4 Специалисты Исполнителя, допускаются к оказанию услуг при соответствии следующим требованиям в области пожарной безопасности и охраны труда:

• Удостоверения, протокол и сертификаты ответственных лиц по результатам проверки знании по безопасности и охране труда, в соответствии с п.2, ст. 182 (ТК) Работодатель обязан проводить обучение, инструктирование, проверку знаний работников по вопросам безопасности и охраны труда, а также обеспечивать документами по безопасному ведению производственного процесса и работ за счет собственных средств. (Приказ Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 25 декабря 2015 года № 1019. Зарегистрирован в Министерстве юстиции Республики Казахстан 30 декабря 2015 года № 12665. «Об утверждении Правил и сроков проведения обучения, инструктирования и проверок знаний по вопросам безопасности и охраны труда работников, руководителей и лиц, ответственных за обеспечение безопасности и охраны труда»).

• предоставить документы прохождения работниками Исполнителя обучения по программе пожарно-технического минимума, предоставить копии удостоверений и протокол о проверке знаний в области пожарной безопасности, в соответствии с пп.3, п.2 статья 16. Закона о ГЗ – «Организации обязаны проводить противопожарную пропаганду, а также обучать своих работников мерам пожарной безопасности». («Правила обучения работников организаций и населения мерам пожарной безопасности и требования к содержанию учебных программ по обучению мерам пожарной безопасности» Приказ МЧС РК от 9 июня 2014 года № 276, п.26 - Обучение пожарно-техническому минимуму руководителей, специалистов и работников организаций, связанных с взрывопожароопасным производством, один раз в год)

3. Технические стандарты

№ п/п	Зарегистрирован в РК	Обозначение	Номер документа	Категория	Наименование	Область применения	Разработчик	Страницы	МКС	Статус	Приказ	Дата введения с
1	Да	СТ РК EN 50173-1-2017	391930	Национальный стандарт Республики Казахстан	Информационные технологии Общие кабельные системы Часть 1 Общие требования		Нет ()	294	Программное обеспечение	Действует		01.01.2019

4. Присутствует указание характеристик, определяющих принадлежность приобретаемого ТРУ отдельному потенциальному поставщику либо производителю на основании

приобретения товаров, работ и услуг для доукомплектования, дооснащения, унификации или обеспечения совместимости с имеющимися товарами, работами и услугами, а также для дальнейшего технического сопровождения, сервисного обслуживания и ремонта, в том числе планового ремонта (при необходимости), основного (установленного) оборудования

Подписал ЗУРБАЕВ ЕРЖАН ДОСБОЛОВИЧ
Дата подписания 17.11.2026